

Н.О. Мекебаев

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы
(E-mail: nurbara@mail.ru)

Оқу үдерісінде *Lesson Study* әдісін пайдалану

Мақалада білім беру саласында жаңа форматты ұстаздар қалыптастыруда біліктілік арттыру жүйесінде *Lesson Study* әдісін қолдану ерекшеліктері қарастырылған. *Lesson Study* зерттеу сабағы болып табылады. *Lesson Study*-да бір мұғалім өзіне зерттеу сабағын өткізуге, зерттеу сабағына дейін шамамен бір айда сабақ жоспарын жазуға ерікті түрде жауапкершілік алады. Содан кейін ол өз сабақ жоспарын осындай сыныптың немесе дәл осындай пән саласында жұмыс істейтін мұғалімдер қатысатын жиналысқа ұсынады. Содан кейін мұғалім басқа мұғалімдермен талқылауға негізделген сабақ жоспарын қайта жазады. Кейбір жағдайда кездесу циклдары және жоспарды қайта жазу үдерісі бірнеше рет қайталанады. Басқа жағдайда мұғалім мектеп кеңесінің әдіскерінен сабақ жоспарын жақсарту үшін кері байланыс беруін сұрайды.

Кілт сөздер: *Lesson Study*, мектеп, нұсқаушы, бақылаушы, топпен (жүппен) жұмыс, тәжірибе, сабақ жоспарын жазу, зерттелетін сабақты талқылау, зерттеу сабағы, әдіскер, коучинг.

«Еліміздің ертеңі — бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры — ұстаздың қолында», — деп Елбасымыз педагогтердің мемлекет алдында қызметтерінің зор үлесін атаған. Қоғамының қазіргі экономикалық және әлеуметтік жағдайы, әлемдік білім кеңістігіне кірігуі Қазақстан Республикасының жалпы білім жүйесін жаңғыртуды, технологиялық-педагогикалық тұрғыдан жетілдіру қажеттігін туындатады. Білім беру саласында озық технологиялардың енуі мұғалімнің рөлін, оқытуға және үйретуге байланысты қағидаларын, оқыту әдістемесін өзгертеді. Қазіргі мұғалім оқушылардың білім алу үдерісін ұйымдастырушы ғана емес, олардың танымдық-практикалық әрекеттерін, өзара қатынасын реттеуші әрі олардың өмірлік кеңістікте кез келген жағдайға бейімделуіне қажет негіздерді қалаушы. Аталған жаңа міндеттерді сәтті орындаудың негізгі шарттарының бірі — интерактивті әдіс-тәсілдерді педагогтардың біліктіліктерін арттыруда және өзіндік білімін жетілдіру тиімділігін дәлелдеді.

Lesson Study Жапонияда XIX ғ. жаңа жалпы білім беретін жүйе орнатқан уақытта мектеп базасында, сонымен қатар өңірлік және ұлттық деңгейде пайда болды. Мұғалімдер жаңа оқыту әдістемесін талқылап, оны нақты сабақтарға бекіте бастады. Соңында бұл үдерістерді *Lesson Study* деп атады [1, 2]. Содан кейін *Lesson Study* тәжірибесі Жапониядағы барлық мектептерге берілді. *Lesson Study* зерттеу сабағы болып табылады және де Қазақстанда өткізілетін ашық сабаққа ұқсас. *Lesson Study*-да бір мұғалім өзіне зерттеу сабағын өткізуге, зерттеу сабағына дейін шамамен бір айда сабақ жоспарын жазуға ерікті түрде жауапкершілік алады. Содан кейін ол өз сабақ жоспарын осындай сыныптың немесе дәл осындай пән саласында жұмыс істейтін мұғалімдер қатысатын жиналысқа ұсынады. Содан кейін мұғалім басқа мұғалімдермен талқылауға негізделген сабақ жоспарын қайта жазады. Кейбір жағдайда кездесу циклдары және жоспарды қайта жазу үдерісі бірнеше рет қайталанады. Басқа жағдайда мұғалім мектеп кеңесінің әдіскерінен сабақ жоспарын жақсарту үшін кері байланыс беруін сұрайды. Зерттеу сабағында мұғалім сабақ жоспарын ұстана отырып, өз сыныбында сабақ өткізеді. Барлық мектептердің мұғалімдері немесе осындай сыныптардың немесе пән саласының мұғалімдері зерттеу сабағын бақылайды. Зерттеу сабағынан кейін мұғалім мен тыңдаушылар зерттеу сабағын талқылайды. Кейде мектеп кеңесінің әдіскерлері немесе университет профессорлары сияқты шақырылған кеңесшілерді талқылауға қосылуын және кездесуге қатысқан мұғалімдерге кейбір кеңес беруін сұрайды. Бұл *Lesson Study* тәжірибесі айына бір рет өткізіледі.

Lesson Study-дың жалпы мақсаты: оқудың сапасын арттыру (оқушыларға білім алуға көмектесу және топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету).

Lesson Study ерекшеліктері: жеке оқушылардың қажеттіліктеріне қарап оқыту және мұғалімдермен бірге отырып жұмыс істеу.

Lesson Study — мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл. Ол XIX ғ. 70-ж. Жапонияда бастау алып, осылайша Батыста қолданылатын «Іс-әрекеттегі зерттеу» тәсілінен 70 жыл

бұрын қолданыла бастаған. *Lesson Study-ге* шараны бірлесе жоспарлап, өткізетін, қадағалайтын, оқыту мен оқуды талдай отырып, өз қорытындыларын қағаз бетіне түсіретін мұғалімдер тобы қатысады. *Lesson Study* циклін өткізу кезінде мұғалімдер оқыту тәжірибесіне жаңа әдістер енгізеді немесе оны жетілдіреді, кейін ашық *Lesson Study* өткізу немесе жұмыс сипатталған құжатты жариялау арқылы әріптестеріне таратады. Батыста *Lesson Study* америкалық зерттеушілер жапон мұғалімдерінің жалпы педагогика саласында да, сондай-ақ АҚШ-тың оқушыларымен салыстырғанда жапон оқушыларының білім деңгейлері анағұрлым жоғары болуын қамтамасыз ететін белгілі бір пәнді оқыту саласында да білімдері жоғары екендігін дәлелдегеннен кейін осы ғасырда ғана танымал бола бастады (Stigler and Hiebert, 1999; TIMSS, 1999).

Қазіргі уақытта Шығыс Азияда *Lesson Study* Жапониямен қоса, Сингапурде, Гонконг пен Қытайда қолданылады. Бұл тәсіл сонымен қатар батыс елдерде де, соның ішінде АҚШ-та, Ұлыбританияда, Швецияда және Канадада пайданылуда.

Lesson Study бастауыш және орта мектептерде негізгі пәндер бойынша оқушылардың білім деңгейін көтеру және оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында, сонымен қатар оқыту үшін бағалау сияқты тәжірибелік әдістерді әзірлеу мақсатында табысты қолданылады. *Lesson Study* өткізу барысында топта (немесе жұппен) жұмыс істейтін мұғалімдер:

- өздері күнделікті жинаған материалдары мен жүйелі бағалау деректерін оқушылардың оқу мен даму басымдықтарын белгілеу үшін қолданады;
- алдағы уақытта әзірленетін немесе жетілдірілетін, белгіленген міндеттерге жауап беретін оқыту әдістемесін бірлесіп анықтайды;
- үш «бақылаудағы оқушыны» анықтайды, олар әрқайсысы сыныптағы белгілі бір топтың өкілі болуы қажет, мысалы, оқу үлгерімінің деңгейі жоғары, орта, төмен оқушылардан;
- *Lesson Study-ді* бірлесіп жоспарлап, сабақты өткізу барысында зерттелетін үш оқушыны үнемі назарға ала отырып, оқыту әдістемесін пайдаланады және оның нәтижелерін мұқият зерттейді;
- бақылаудағы оқушылардың дамуы мен оқуына басты назар аудара отырып, *Lesson Study* өткізеді және оны қадағалайды. Аталған үдерістер бірнеше сабақ бойы қайталанып, жетілдірілуі мүмкін. Бақылауды барлық *Lesson Study* кезінде жүргізу міндетті емес;
- бақылаудағы оқушылардың *Lesson Study* туралы ойларын білу үшін олармен сұхбаттасады;
- *Lesson Study-ді* талқылайды;
- қолданылатын әдіске бақылаудағы оқушылардың қалай қарайтынын, олардың жеткен жетістіктерін, оқуда көрсететін нәтижелері мен кездесетін қиындықтарын білу, сонымен қатар алынған тәжірибені келешекте оқыту мен оқу әдістемесін әзірлеу үшін пайдалану мақсатында *Lesson Study-ге* талдау жүргізеді.

Мектеп мұғалімдеріне таңыстырылым жасау немесе коучинг өткізу арқылы *Lesson Study* тәсілін қолдану нәтижелерін көпшілік қауымға ұсынады. Мектеп басшыларының бұл бағытта не істей алатындығы туралы идеялар:

- а) *Lesson Study* өткізу уақытын жоспарлау және осы тәсілді мектеп бағдарламасына енгізу;
- ә) *Lesson Study* негізінде кәсіптік оқытуды дамыту мен қолдау, сонымен қатар мектеп аясында коучинг өткізуге арналған тұғыр ретінде *Lesson Study* моделін қолдану үшін жетекші мұғалімдерді пайдалану.

Lesson Study тәсілі тиімді, себебі ол мұғалімдерге:

- әдеттегіге қарағанда балалардың білім алғандығының анағұрлым анық, әр түрлі қырларынан және егжей-тегжейлі дәлелін көруге;
- мұғалімнің пікірі бойынша, балаларды оқыту барысында не болуға тиіс, ал шындығында жағдай қандай екендігі арасындағы айырмашылықты көруге;
- оқытуды нәтижесінде оқушылардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратындай етіп қалай жоспарлау керектігін түсінуге;
- *Lesson Study-ді* басты мақсаты оқушыларға білім алуға көмектесу және топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету болып табылатын мұғалімдердің желілік қоғамдастығы аясында іске асыруға (Dudley, P. 2011a);

• *Lesson Study* мүмкіндіктерін өзінің педагогикалық тәжірибесінде қолдануға көмектеседі.

Табысты мұғалімдер көбінесе сыныпта болып жатқанның біразына, кейде тіпті көпшілігіне мән бермейді. Бұл — кемшілік емес! Бұл — оларға табысты болуға көмектескен үдерістердің нәтижесі. Толығырақ тоқталайық. Сынып дегеніміз — кәсіпқойларға қызмет етуге тура келетін барынша күрделі жұмыс жағдайлары: шамамен бір сағатқа жуық уақыт ішінде сабақта жұмыс істеп отырған 30

және одан да көп оқушы үлкен көлемді ақпарат өндіреді. Бұл ақпараттың мұғалімге жетуінің жылдамдығы да үлкен, соның салдарынан сабақ, жапондықтар айтқандай, ағыны қатты өзен сияқты болып шығады (Lewis, 1999). Зерттеушілер мұғалімдердің ақпараттың осы ағынын және оның жылдамдығын қалай игеретінін бақылаған. Рэгг және басқалар (1996) анықтағандай, мұғалімдер бірінші үш жылда барлық қиындықтан өтіп, жақсы педагог болып қалыптасады, себебі өздері үшін проблема болып табылатын оқу жағдайын басқарудың жаңа тәсілін тапқанда олар бұл тәсілді осыған ұқсас жағдайларда үнемі қолдануға болатын белгілі бір оңтайлы нысанға айналдырып алады да, реті келген кезде қолданып отырады. Осындай жағдайларда тәжірибелік білім мұғалімнің саналы түрде істеп тұрғанын растай алмайды, бұл болжамды (немесе жасырын) білім болып табылады, яғни біздің велосипед тебу туралы біліміміз сияқты: ондай білімнің бар екені қажет болғанда ғана білінеді, бірақ оны сөзбен жеткізу өте қиын.

Мәселен, тәжірибелік білімдері егжей-тегжейіне дейін жазылып, басқаларға беріліп, кейіннен қайта орындалатын хирургтардан айырмашылығы, мұғалімнің тәжірибелік білімі өзінде қалады, себебі ол тәжірибе кезінде қалыптасады, оның үстіне иесі әдетте оның бар екенін біле де бермейді. Мұғалімдер өз сыныбында автономды түрде «жеке маман» ретінде жұмыс істейтіндіктен, басқа мұғалімдерде әріптесінің «болжамды» білімін тәжірибеде көруге мүмкіндік бола бермейді. Ал мұғалімнің жұмысын басқа маман бақылаған кезде оның жұмысының нәтижелілігі бағаланатын болғандықтан, ол сол баға мен пікірдің үдесінен шығуға тырысып, өзінің «жасырын» білімдерін көрсетуге ұмтылмайды, яғни тәуекелге бармауды жөн көріп, «қауіпсіз» оқытуды көрсетеді. Санасыз субъектілерге қарағанда, адамдар көп көлемді ақпаратты «сүзгіден» өткізу арқылы игереді. Мысалы, нақты «еститін» дыбыстардың ішінен біз олардың аздаған бөлігіне ғана мән береміз, өзімізді сырттан келетін ақпараттан қорғаштап, тек маңыздысына немесе оқыстарына ғана көңіл аударып үйренгенбіз. Мұндай сүзгілеу тетіктері бізге өз мақсатымызға жету үшін қолдануды маңызды деп санайтын мәселелерге ғана көңіл аударуға мүмкіндік береді. Сыныпта да дәл солай: қомақты сыртқы оқиғалар мен ақпаратты елемей, белгілі бір сәтте болған маңызды нәрселерді ғана ескереміз. Біз маңызды деп санаған ақпаратты лезде меңгеріп, бірден өзімізге ыңғайлы түрде сақтап аламыз, бұл күрделі әрі жылдам сабақ жағдайында біз басымдық берген басқа да маңызды нәрселерді өңдеу үшін жұмыс жадымызды бос ұстауға мүмкіндік береді (кестені қара).

К е с т е

Lesson Study тәжірибесі


Тақырыбы	Мақсаты	Күтілетін нәтижелер	Табыс критерийлері
Lesson Study тәсілі	Lesson Study мұғалімдердің педагогикалық білімдері мен тәжірибесін дамытуға арналған тиімді құрал екендігі, оны іске асыру барысы туралы түсініктерін дамыту	Мұғалімдер Lesson Study оқу сапасын арттыру үшін белгілі бір тәсілді қалай дамытуға болатындығын анықтау мақсатында бір топ мұғалімнің бірлесіп, оқу үдерісін зерделеуі екенін ұғынуы. Демократиялық ерекшелігі — мұғалім зерттеу барысында жинақтаған білімімен педагог қауымымен кеңінен бөлісетіндігі, креативтілігі — оқытудың жаңа тәсілдерін әзірлеу мақсатында бірлесіп ынтымақтаса жұмыс істейтіндігі, ғылыми дәлдігі — жаңа тәсілдің тиімділігін көрсететін оқушының оқуы туралы деректер жинауы екенін түсінуі	1. Lesson Study қандай ұғым екенін білу. 2. Lesson Study-дың неліктен тәжірибеге енгізілуі. 3. Lesson Study-дің түйінді сипатын білу. 4. Lesson Study тәжірибені жақсартудың қандай жолы екенін білу. 5. Lesson Study өткізу қадамдары. 6. Lesson Study-ді өткізгеннен кейін талқылау қалай жүреді?

Lesson Study тәжірибелі мұғалімдермен қатар, еңбек жолын жаңа бастаған мамандарға да кәсіби жетілуге көмектеседі. Себебі бірлесіп жоспарлау, бірлесіп қадағалау, бірлесіп талдау арқылы біз оқыту туралы бірлескен пікір қалыптастырамыз. Бұл жағдайда біз оқыту аспектілерін өзіміздің

ұстанымымыз тұрғысынан ғана емес, *Lesson Study* дайындаған әріптестеріміздің көзімен де қарастырамыз, соның нәтижесінде біз *Lesson Study* барысында бақылаған нақты сабақты өзіміздің жоспарлаған сабағымызбен салыстырамыз. Бұл біздерге өзіміз әдетте мән бермейтін, елемейтін, әдетте «шеттетіп тастайтын» немесе болжамды білім ретінде сақталып қалатын нәрселерді аңғаруымызға түрткі болады.

Lesson Study тәсілін пайдаланатын көптеген адамдардың айтуынша, зерттелетін жекелеген оқушылардың оқудағы қажеттіліктері мен мінез-құлықтарына назар аударып, сол арқылы олар туралы көбірек біле отырып, біз өз оқушыларымыздың әрбіреуін анағұрлым жақсы тани бастаймыз. Демек, мықты және нашар оқушылардың аралығындағы «орташа» сыныпты оқытуға қарағанда, *Lesson Study* мұғалімге өз жұмысын болмашы ақпаратпен шамадан тыс жүктемей, барлығынан хабардар болып, өмір бойғы тәжірибесінде әрбір оқушының қажеттілігін ескеріп отыруға мүмкіндік береді.

Lesson Study тәсілі кем дегенде үш *Lesson Study*-ден тұратын циклден құралады, ол сабақтарды мұғалімдер тобы бірлесіп жоспарлап, оқытып/қадағалайды және талдайды (сур. қара).



Сурет. Lesson Study циклі

Lesson Study тәсілі кәсіби дамудың тиімді тәсілі, мұғалімнің кәсіби қоғамдастығын құру болып табылады, бұл үдерісті жеделдетуге көмектеседі. Оқушының терең ойлануына, оқушыны тыңдау керектігін, не ойлағанын тыңдай білуге бағытталуы керек. Демек, бұл тәсілдің оқытуда мен оқуда ілгерлеушілік болдыра алатындай екендігіне ешқандай күмәніміз жоқ екенін растаймыз.

Аталған әдістер арқылы өскелен ұрпақта келесі өмірлік дағдыларды қалыптастыруға болады: креативтілік, белсенділік, әлеуметтілік жауапкершілік, ой-өрісінің кендігі, жоғары кәсіби деңгейлі сауаттылық, танымдық әрекетке қызығушылығының басымдығы.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Dudley P. *How Lesson Study orchestrates key features of teacher knowledge and teacher learning to create profound changes in professional practice* Presented at the World Association of Lesson Studies Annual Conference, Tokyo. — 2011.
- 2 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://lessonstudy.co.uk/>

Н.О. Мекебаев

Использование метода *Lesson Study* в образовательном процессе

В статье рассмотрена новая методика образования *Lesson Study* для учителей нового формата. Показано как применить новую методику в школе для учителей. Основой данного подхода, выделено автором, является исследование урока. Исследовательский урок во многом схож с открытыми уроками, проводимыми в Казахстане. В статье представлена последовательность подготовки: один учитель добровольно берет на себя ответственность за исследуемый урок приблизительно за один месяц до его проведения, за составление поурочного плана, затем представляет свой план урока на собрании, где собираются учителя, которые ведут занятия в том же классе (возрастной группе) или тот же предмет. После этого учитель вносит изменения в поурочный план, которые основаны на обсуждениях с другими учителями. В одних случаях цикл встреч и корректировка плана повторяются несколько раз, в других — учитель предлагает методисту школьного совета представить для улучшения поурочного плана обратную связь.

N.O. Mekebaev

Use of *Lesson Study* in the educational process

In the article of considered new methodology of formation of *Lesson Study* is for the teachers of new format. Also considered as apply new methodology at school for teachers. The focus of *Lesson Study* is the research lesson that is similar to the open lesson in Kazakhstan. One teacher volunteers to be in charge of a research lesson and to write a lesson plan about one month before the research lesson. Then, he/she introduces his/her lesson plan in a meeting with teachers of the faculty. The teacher then rewrites the lesson plan based on the discussion with other teachers. In some cases, the cycle of meeting and rewriting is repeated several times. In other cases, the teacher asks for feedback from the principal or a supervisor of the administration office for improving the lesson plan.

References

- 1 Dudley P. *How Lesson Study orchestrates key features of teacher knowledge and teacher learning to create profound changes in professional practice*. Presented at the World Association of Lesson Studies Annual Conference, Tokyo, 2011.
- 2 [ER]. Access mode: <http://lessonstudy.co.uk/>